



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 14/40
8 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

БИЛІК ПЕН ХАЛЫҚ – БІРГЕ!

ОБЛЫС ӘКІМІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ



Сәуір айының 06-жұлдызы күні Приозерск қаласының «Достық» балалар мен жасөспірімдер орталығының ғимартында Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Қабдулұлы Бөлекпаев Приозерск қаласының халқымен аймақ әкімі болып тағайындалғаннан бергі алғашқы кездесуін өткізді. Кездесуге қала тұрғындары, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар басшылары мен қызметкерлері, құқық саласы басшылары, жастар ұйымдарының және баспасөз өкілдері қатысты.

дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы басталған аумақта болғандығын айтып, қала әкімімен бірге қаламен толыққанды танысқандығын жеткізді. Қаланы тап-тұйнақтай таза ұстаған тұрғындарға және қала басшылығына алғыс сезімін білдіріп өтті. Аймақ әкімі Ермағанбет Қабдулұлына тұрғындар тарапынан төмендегі адамдар өздерін толғандыратын мәселелер туралы сауал қойды: Кәсіпкер Нұрлыбаева Жансұлу Файзуллаевна Ақтоғай және Шет ауландарынан ауыл

ауруханаға медициналық заманауи құрал-жабдықтар орнату, коммуналдық кәсіпорындарға арнайы техникамен жабдықтау, ауыл шаруашылығын дамыту шараларын жасау және 35 жастан асқан жеке кәсіпкерлер үшін жеңілдетілген несиелер және гранттар бөлуді

тұшымды жауап қайтарылды. Кездесу жиынынан кейін Ермағанбет Қабдулұлы арнайы бөлмеде қала тұрғындары үшін жеке қабылдау өткізді. Оған қатысқан ардагер Қарабеков Сайлау Смағұлұлы жаңа қазандық құрылысы, Омонова Гаухар



қарастыру, «Атамура» этно-мәдени орталығының төрағасы Сүлейменов Марс Абуович мәдениет үйінің құрылысын жеделдету, кәсіпкер, Қоғамдық кеңес мүшесі Абдықапарова Рәткул Есенгелдиевна жаңа мектеп қажеттілігі, Юнусова Махаббат Жолдасбековна дәрігерлердің төлемді қабылдауы, Балқаш қаласындағы дәрігерлерге порталға қою және оларға көріну үшін жолдың алыстығы, жеке кәсіпкер Трифонова Наталья

Тыныштықовна мүгедектігі бар баласына қолайлы болуы үшін жоғарғы қабаттағы пәтерін төменгі қабатқа көшіру немесе басқа жерден пәтер беру, Есенжолов Жакен Оралқанұлы емдеу-сауықтыру орталықтарына емделу сауықтырудан өту үшін жолдама алу туралы және қала имамы Давид Сейтқалиұлы Қожахметов қаладағы жаңа мешіттің құрылысына қатысты сұрақтар қойылып, оларға жауап берілді. Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Қабдулұлы Бөлекпаев



Баяндама жасап отыруды артық көрген аймақ әкімі Приозерск қаласының тыныс-тіршілігімен етене таныс екендігін және қаланың барлық түйткілді мәселелерін білетіндігін аңғартып, бірден қала тұрғындарын толғандырған мәселелер бойынша сұрақ-жауап рәсіміне өтті.

Себебі кездесу басталғанға дейін қала аумағын түгелге жуық аралап, ең маңызды нысандар саналатын жылу қазандығында, балабақшада,

шаруашылығын дамыту үшін жайылымдық жерлер бөліп беру мәселесін, кәсіпкер Наушарманова Жадыра Сахиевна Ағыбай батыр көшесінде орналасқан кәсіпкерлік нысанына жол тарту және осы жерден өтіп жатқан жоғарғы вольтты электр кабелі туралы, кәсіпкер Көбенов Нұржан Өскенұлы қаладан жас буынды мамандық және кәсіппен тәміндеу мақсатында өнеркәсіптік колледж ашу, қалалық



Викторовна Қоржытүбектегі кәріз жүйесін тарту мүмкіндігін қарастыру, Тельтаева Гүлжазира Оразовна, бұрынғы жабылып қалған «Айналайын» балабақшасының орнына басқа балабақша құру қажеттігі туралы өзекті мәселелер туралы сауалдар қойды және аймақ әкімі оларға

аймақтағы барлық аудандар мен қалалар тұрғындарымен жылына 2 рет кездесулер өтіп тұратынын, келесі кездесуде бүгінгі көтерілген мәселелердің орындалу барысы қаралатынын айтып, қалатұрғындарымен қоштасты.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

«РАДИКАЛДЫ ИДЕОЛОГИЯ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ҚАУІПТІ»

Соңғы жылдары бүкіл әлемде радикалды идеология құбылысы, оның нысандары мен көріністері жиірек байқалуда.

Радикализмнің айқын көрінісі болған экстремизм мен терроризм бүгінгі таңда ең өзекті мәселе болып отыр. Саясатта белгілі бір бағыт ретінде экстремизм радикалды көзқарастарды жүзеге асырудың түрлі әдістерін ұстанады. Ол мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, фанатизммен, өздерінің принциптерін қорғай алмайтынымен, ымыраға келмеумен сипатталады.

Экстремизм – бұл қоғамдық-саяси жүйенің идеологиялық және институционалдық негіздерін жоққа шығаратын және заңды конституциялық тәртіпті тез арада күштеп өзгертуге шақыратын түбегейлі идеяларға негізделген саяси тәжірибе.

Діни экстремизм мен радикализм – бұл жалпыға ортақ проблема. Бұл проблемамен тек кейбір мемлекеттік органдар ғана жұмыс жасайды деп айтуға болмайды. Әрбір мемлекеттік орган өзінің функционалдық ерекшеліктерінің негізінде өз үлесін қосуы қажет.

Терроризмге және экстремизмге қарсы тұру – бұл әлемде құқық пен тәртіпті қамтамасыз етудің маңызды бағыты. Тіркелген қылмыстардың жалпы санының террористік және экстремистік сипаттағы қылмыстардың шамалы бөлігі болып табылатындығына қарамастан, олар қоғамның, мемлекеттің және құқық қорғау орган-

дарының теріс реакциясын тудырады.

Қазіргі таңда радикалды идеологияның көрінісі мемлекетіміздің ғана емес, бүкіл әлемдік өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Жастарымыз дәстүрлі емес діни ағымдардың қырларын білмегендіктен сол ұйымдарға бет бұрып кетеді.

Діни көзқарастағы (деструктивті діни бағыттардың ықпалына түскен) кейбір жас азаматтар өздерін қоғам мен мемлекетке қарама-қарсы қойып, қазақ халқының рухани мәдениетіне және ұлттық дәстүрлеріне теріс көзқараспен қарайтын болды. Оларда тіпті зорлық-зомбылық тәсілдерін қолданумен мемлекетіміздің саяси құрылымдағы зайырлы сипатын өзгертуге ықыластары пайда болуда. Бұл көріністер қоғамда жаңа саяси-әлеуметтік пішіндердің қалыптасуына себептес.

Мемлекетіміздегі діни ахуалдың тұрақталуы туралы негізгі бағаны беретін – халық. Осы кезеңде жұмыстың стратегиялық жолмен таңдалған бағыттарын жалғастыру, іс-тәжірибені біртіндеп жақсарту маңызды. Енді біз конфессияаралық келісімге, жоғары мәдениетке және қоғамды тәрбиелеуге негізделген еліміздің рухани байлығын сақтау және одан әрі арттыру үшін бәрін жасауымыз керек.

*Тельтаева Гүлжазира
Оразовна
Приозерск қалалық жастар ресурстық орталығының дін маманы*

«ДІНИ ФАНАТИЗМ ИСЛАМҒА ЖАТ КӨЗҚАРАС»

Фанатизм (лат. fanaticus – булыққан, буырқанған) – жанкештілік пен бірбеткейлікке салынып, ақиқаттылығына қарамастан ешкімнің көзқарасына құлақ салмай, соқыр сенімге еліктеу. Діни фанатизм – белгілі бір діни қағидаларға бас ұрып, соған тәуелді болуды білдіреді.

Фанатизм – ислам дініне жат әрі қабылданбайтын сипат. Құрандағы бірқатар аяттар мен хадистер ислам дінін ұстанушы мұсылманды ағымдардың тар шеңберінде шектеліп қалмай, кең көзқараста болуды, айналасындағы құбылыстарды зерттеп, Құдайдың құдыретін тануға үндейді. Алайда, бұл ақиқаттарды тану үшін белгілі діни білім қажет. Өкінішке орай, тәнір мен сенім туралы білімді аңсап, ізденген отандастарымызды тура жолдан экстремистік бағытты насихаттайтын топтар өкілдері тайдыруды көздеуде.

Қоғамда кездесетін діни фанатизмнің ең қауіпті жағы – радикалды әрі агрессиялық пікірде бекем тұрып, өзгелердің көзқарасын жоққа шығарып, қабылдамау. Мысалы, соңғы уақытта елді үрейлендірген «ұлы жихад» (үлкен күрес) терминін діни тұрғыдан жастарымызға деструктивті ағымдарда «қолға қару алып немесе өзін-өзі жару арқылы жасалатын күрес» деп түсіндірсе, фанатизммен іске кіріскендерді дін мамандарына тоқтату қиындыққа соғады. Тіпті, шарияттың негізі болған Құран мен хадистен дәлел келтіріп, ұстанған сенімдері қате, шынында үлкен күрес олардың ойлағандарындай емес, керсінше, «өз нәпсіңмен күресу» екендігін сендіру оңайлыққа соқпайды. Өйткені, әуелден ақиқаттан хабары

жоқтарға бұл жалған ой әбден насихатталып, миларына сіңіп қоймай, бұрмаланып фанатизмге айналдырылған.

Діни фанатизмнің нәтижесінде пайда болған деструктивті ағымдар қазіргі таңда қоғам арасына іріткі салып, бейбіт халыққа қауіп төндіруде.

Діни экстремизм мен терроризм – мәдениет пен өркениеттің құлдырауына әкеп соғады. Бүгінгі экстремизм мен терроризм діни фанатизмнен туындап отырғаны белгілі. Діни фанат – мемлекеттік саясатқа, жалпы зайырлы қоғамдық пікірге іргелі түрде қарсы келіп отырады. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды түбегейлі мойындамайды, тіпті қарсы шығып, «жойып» жіберуге де дайын тұрады. Өз кезегінде, діни фанатизмнің елімізде қалыптасқан бейбітшілік пен тұрақтылыққа нұқсан келтіру қауіпі зор. Теріс діни ағым өкілдері аңсағандай біз ислам дінін ұстанатын теократиялық мемлекет бола алмаймыз. Көпэтносты және көпконфессиялы елде тұрақтылықты сақтау үшін зайырлылықты мәңгілік ту етуіміз қажет. Менің ойымша, егер діни жат ағымдардың пайда болуына діни фанатизм әсер етсе, ал діни фанатизмге адам баласының діни дүмшелігі, яғни, діни сауатсыздығы себеп болып отыр. Бұдан шығатын қорытынды дін ұстанушылар сол дін туралы сауатты білім ала білу керек.

*Қожаметов Д.С.
Приозерск қалалық мешітінің бас имамы, АТТ мүшесі*

МҮГЕДЕКТІГІ БАР АЗАМАТТАР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ



Адамзаттың жер бетінде қаншалықты өмір сүріп қандай сыйға еге болуы дұрыс еңбек ете білудің жемісі болады. Ал қайғы-қасірет те ұрпақтың азуы мен жер бетіндегі халықтардың жоғалып кетуі де еңбек етудің мақсатын өзгеруіне байланысты. Сондықтан әрбір сынақ еңбекке беріледі. Сый да еткен еңбегіне қарай зейнеттеледі. Бейнет етсең ғана зейнетке жетесің. Еңбектің екі түрлі мақсұты болмақ, оны қалау деп атайды. Тән қалауына байланысты еңбек тәннің мұқтажыңды өтеу, шынықтыру ыстық-суықтан, әр түрлі ауру сырқаулардан қорғану мақсатында қоршаған, өмір сүріп ортаға, заманға тәуелділікте жетілсе, ал екінші – жан қалауы әрбір адамзаттың өз ерекшелігімен жер анаға, ана тілімен, сөз сөйлеу еңбегімен бірге ата-баба салт дәстүріне міндетті түрде тәуелді болмақ. Негізінен адам баласың мақсұты – тәннің емес, жанның нені қалайтынын айқындығынан және өзін-өзі тану арқылы ғана белгілі болмақ. Өзің, сенің өзегің – жаның ішкі сарайыңның көрінісі, сыртағы өрістік көлеңкең, ұжданыңның бейнесі, жан өрісің, бақшаң. Сол бақшаның жемісі жаннатағы ризығың ана сүті, жер ана, су анаға тәуелді. Қаламыздағы мүгедектігі бар адамдардың жұмыспен қамтылу бойынша ақпарат алу мақсатымен аталған мекеменің басшысы Мақпал Акимоваға жолығып, төмендегі мағлұматтарды алдық.

Приозерск қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан қаламызда тұратын жұмыссыз жандарды, әсіресе еңбекке жарамды, мектеп қабырғасында оқитын, кәметке толмаған жасөспірімдерді жазғы демалыс кезінде жұмысқа орналастырып, отбасына қолдан келгенше материалдық көмек көрсетулеріне тиісті жағдай жасалған. Солардың арасында тағдыр тәлкегіне түскен мүгедектігі бар адамдарға ерекше көңіл бөлінгенін айта кеткен жөн деп ойлаймыз.

2022-жылдың қорытындысы бойынша Жұмыспен қамту орталығына мүгедектігі бар 23 азамат өтініш білдіріп, жұмыссыздық жүйесіне жұмыссыз ретінде тіркелді. Тұрақты жұмыс орындарына 28 азамат, оның ішінде квота бойынша 1 азамат орналасты. Сонымен қатар, қоғамдық жұмыс орындарына 16 азамат, әлеуметтік жұмыс орындарына 2 азамат жолданды. Приозерск қаласы әкімдігінің 2022-жылғы 9-желтоқсандағы

№ 49/342 «2023 жылға Приозерск қаласы мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы» Қаулысына сәйкес, Приозерск қаласында ауыр жұмыстардағы, зиянды, қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмағанда, меншік нысанына және ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан, ұйымдарда жұмыс орындарының тізімдік санынан пайызбен көрсеткенде қосымшаға сәйкес мүгедектер үшін 2%-дан бастап 4 %-ға дейінгі көлемде жұмыс орындарының квотасы белгіленді. Аталған қаулы бойынша төмендегі мекемелерде мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындары бекітілді: «Приозерск қаласының орталық ауруханасы» КМК-не 2 жұмыс орны. Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласы білім бөлімінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-не 3 жұмыс орны. Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласы білім бөлімінің №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-не 1 жұмыс орны.

«2021-2025-жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі» ұлттық жоба аясында мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту бойынша 2023 жылдың 1 тоқсан жағдайына Жұмыспен қамту орталығына мүгедектігі бар 12 азамат өтініш білдіріп, жұмыссыздық жүйесіне жұмыссыз ретінде тіркелді. Оның ішінде 7 азамат тұрақты жұмыс орындарына орналасты. Қоғамдық жұмыс орындарына 5 азамат жолданды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ арқылы өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты және мереке күндері 1200 адамға жалпы сомасы 14 млн. тг. біржолғы материалдық көмек берілді. 2023 жылдың 1 тоқсаны бойынша 11 мүгедектігі бар адамдарға өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты жалпы сомасы 603 750 тг. біржолғы материалдық көмек көрсетілген.

Мекеме басшысы мен қызметкерлерінің кемтар жандарға көрсетіп жатқан қалтқысыз қызметіне ризашылығымызды білдіреміз!

*Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
қала әкімінің мүгедектер мәселесі бойынша штаттан тыс кеңесшісі.*

ОБЛЫС ӘКІМІМЕН КЕЗДЕСУ!



Облыс әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы Бөлекпаев Приозерск қаласына іссапарға келді. Жұмыс сапарының уақыт тығыздығына қарамастан, қалалық мәслихаттың VIII шақырылым депутаттарымен

кездесті. Кездесу барысында Ермағанбет Қабдулаұлы қаланың барлық жағдайына қанық екенін, осы қызметтен бұрында талай жұмыс барысымен қалада болғанын айтып, шешімін таппай жатқан

сұрақтарға тоқтала кетті. Келесі кезекте маслихат депутаттары сөз алып, облыс және Республика көлемінде кезек күттірмейтін шешімін табатын сұрақтар жолдадық. Олар қалада төтенше жағдай

болдырмау мақсатында қазандыққа резервтік тоқ беретін генератор сатып алу, туризм мен ауыл шаруашылығын, өндіріс орындарын дамытуға көршілес аудандардан қосымша жер бөлу, бала бақша салу, мәдениет үйін салу туралы сұрақтар. Облыс әкімі осы аталған сұрақтарды шешу үшін, облыстың жауапты басқарма басшыларын жіберіп, мәселені ортақ талқылауға тапсырма беретінін жеткізді. Біз өз тарапымыздан жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жұмыс атқаруға дайын екенімізді жеткіздік. Сонымен қатар қала тұрғындарының осы сұрақтарын жүзеге асыру, бізге айтылған аманат, әрі иығымызға артқан ауыр жүк екенін ескере отырып, алдағы қалыптасатын бюджетте кезең-кезеңмен іске асыруға көмек көрсетуін сұрадық. Сөз соңында Ермағанбет Қабдулаұлы барлық өзекті сұрақтар ескерусіз қалмайтынын, облыстық бюджеттің қаржы мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңмен шешілетінін жеткізді. Кездесу соңында депутаттар атынан ризашылғымызды білдіріп, тарастық.

*Приозерск қалалық
Мәслихатының төрағасы
Исатаев А.Н.*

БАЛАЛАР КІТАБЫ АПТАЛЫҒЫ



Көктемгі демалыстың басталуымен балаларға балалар мен жасөспірімдер кітабының апталығының мерекесі келеді. Іс-шара жыл сайын наурыз айының соңында немесе сәуір айының басында өтеді. Және бұл кездейсоқтық емес. 21 наурыз - Дүниежүзілік поэзия күні,

2 сәуір - Халықаралық Балалар кітабы күні. Сонымен қатар, 2 сәуір - көрнекті балалар әңгімешісі - Ханс Христиан Андерсеннің туған күні.

2023 жылы 3 - 7 сәуір аралығында балалар кітапханасында «Балалар кітабының апталығы» өткізілді. Іс-шара барысында апталыққа

орай арнайы кітап көрмесі ұйымдастырылып, ойын викторина, шебер қолдар, әдеби калейдоскоп, мультфильм тамашалау, мәнерлеп оқуларымен толықтырылды.

Апталықтың ашылуы «Ертегі әлеміне шақырады» атты ойын-викторинамен басталып, балалар топтарға бөлініп ойындар ойнатылып, сөзжұмбақ арқылы ертегі кейіпкерлерін тауып, пазл арқылы ертегінің суреттерін құрастырды.

4 сәуір – «Табиғатты жақсы көреміз» атты шебер қолдар үйірмесінде балалар барынша шығармашылық шеберлігін, қиялдарын, қолынан іс келетін өнерлі балалар екенін көрсетті. «Шебер қолдар» үйірмесінің мүшелері қатысты.

Қазақ әдебиетінің баға жетпес шығармаларының рухани мәдениетіміздің артуына, өскелең ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасу мақсатында 5 сәуір күні «Мерейгер кітаптар - 2023» әдеби калейдоскоп кітап көрмесімен таныстырылды. Көрмеде балалар ақын - жазушылардың шығармаларына, кітаптарына ақпарат берілді.

«Сүйікті ертегілер кейіпкерлерімен» мультфильм 6 сәуір

күні көрсетілді. Балаларға Алдар көсенің мультфильмін көрсету арқылы баланың ой-өрісін дамытуға, жамандық пен жомарттықты ажырату, мәдениет пен тарихқа деген қызығушылығын арттыру үшін ұсынылды.

Балалар кітапбының апталығының жабылуы «Кел, балалар, оқылық» мәнерлеп оқу. Оқушылар ақын-жазушылардың өлеңдерін мәнерлеп оқып шықты. Шара соңында балалар көрмедегі кітаптармен танысты.

Балаларға кітап апталығының көптеген пайдасы тиді деген ойдамыз. Балалар кітаптың адам өмірінде қаншалықты пайдасы бар екенін, кітаптың неден жасалатынын, ең алғаш кітаптың қай тілден шыққанын білді.

Кітапхана апта бойы мерекелік атмосфераға ие болды.

*Ж.Құлмишева,
«Приозерск қалалық
кітапханасы»КММ
балалар бөлімінің
кітапханашысы*

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ – БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Ана тілім ғажап деп айта аламын,
Жәннаттайжанбалқытажайтабарым.
Шырқатып ғұмыр бойы айтар әнім -
Келеді толас таппай қайталағым.

Мұзафар Әлімбаев



Қазіргі таңда тек ана тілімізді ғана емес, өзге тілдерді де меңгеру заманымыздың талабы болып отыр. Жас ұрпақ үшін үш тілді жетік меңгеру болашаққа сеніммен қарау деген сөз. Қазақ тілі - мемлекеттік тіліміз, орыс тілі - ресми тіл, ағылшын тілі - халықаралық қатынастар тілі екенін әрбір жеке тұлға біледі деп ойлаймын. Ең алдымен өз ана тілін біліп, терең түсінетін адам ғана тілінің шын жанашыры бола алады. Кез келген халықтың ұлттық қазынасы - тіл болып табылатындықтан, әрбір халқтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана - сезімінің, мінез - құлқы белгілері көрініс табады.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген екен халық даналығында. Дамыған елдердің қатарына кіруіміз үшін басты мақсатымыз ұрпағымызды сауатты тәрбиелеу. Сауатты ұрпақ тәрбиелеу өз ана тілінде еркін сөйлей алатын және оны терең меңгерген ұрпақ.

Бүгінде үштілділікті оқыту жас ұрпағымыздың білім деңгейін көтеріп қана қоймай, болашақта еркін самғауына жол ашатын басты қажеттілік болып отыр. Көптілді білудің пайдасы ұшан - теңіз. Ұрпағымыздың тек білімді ғана емес, бәсекеге қабілетті, жан - жақты болуын, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылықтары мен ұмтылысын арттыруымыз қажет.

Қазіргі уақытта Қарағанды облысы білім басқармасының Приозерск қаласы білім бөлімінің «№1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жыл сайын көптілділікті

қолдай отырып, оқушыларымыздың қызығушылығын арттыру мақсатында «Тілдарын» олимпиадасы өткізіліп жатыр. Соның аясында

Төле бидің 360 жылдығына орай «Өнер алды - қызыл тіл» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тек мұнымен шектелмей, «CLIL» (пәндік - тілдік кіріктіріп оқыту технологиясы) үштілділік оқыту бағдарламасымен оқыта отырып, тиімді әдістермен сабақ өту арқылы оқушыларға шет тілдерін үйретіп жатырмыз. CLIL аясында тілді үйрену кез келген пән саласы арқылы жүргізіледі, яғни шет тілі сабағы емес, шет тілінде өтетін пән сабағы. Жоғары деңгейде сабақ беретін мұғалімнің алдынан шыққан оқушы өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абыройдың үлкені, әрбір мұғалім осыған ұмтылсақ ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені деп білемін.

Көптілділік кез келген тұлғаның дамуы мен қалыптасуына және де болашақ жастарымыздың, еліміздің жан жақты дамуына әсер ететін ең қажетті құралдардың бірі болып отыр. Олай болса ұлтымыздың болашағы жас ұрпағымызды білімді, үштілділікті терең меңгертіп тәрбиелейік.

*Калманова Гулнара
Абилкасимовна
Қарағанды облысы білім
басқармасының
Приозерск қаласы білім
бөлімінің
«№1 жалпы білім беретін
мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті
мұғалімі*

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - РУХАНИ БАЙЛЫҚ



Қандай да бір ұлттың ұлт екендігінің белгісі, ол - мемлекеттік тілі. Сонымен бірге, мемлекеттік тіл - мемлекеттің бет-бейнесі. Әр мемлекет материалдық жағынан қалай бай болса, рухани да солай бай болу керек. Рухани байлық ұғымына ең бірінші мемлекеттік тіліміз енеді. Әлемде немесе белгілі бір елде жасалған рухани қазыналардың жиынтығын, сол қазыналарды игеруді мұрат тұтқан жеке адам басындағы қабілеттерін бірі өз ана тілін игеру болып табылады.

«Қазақ тілі - рухани байлығымыздың қайнар бұлағы» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ елінде, қазақ жерінде ең бірінші қазақ тілі өркендеуі тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір қасиетін өзіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насихаттауымыз керек. Туған тілдің абыройын асқақтату - әрбір адамзаттың абзал борышы. Тіл - халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл - халықтың жаны, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы.

Мемлекеттік тіл - сол елдің халқын біріктіретін, ортақ істерге жұмылдыратын, елге деген перзенттік ықыласты қалыптастыратын бірден-бір құрал. Бір тілде сөйлемеген халық біріге де алмайды, өздерін бір шаңырақтың мүшесімін деп те сезіне алмайды. Тарихтан да белгілі, қандай ел болмасын бостандық алғаннан соң ең бірінші мемлекеттік тілінің мәселесін шешеді. Қазіргі әлемдік бәсеке жағдайында күшті ұлттар ғана өз мүддесі үшін күресе алады. Күшті ұлт болу үшін күшті мәдениет жасау керек, Сонда ғана әлемдік өркениет кеңістігінен өзіне тиесілі орынды ала алады.

Мемлекеттік тіл - тәуелсіздігіміздің айғағы. Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып орнағалы ширек ғасырға таяу

уақыт болды. Мемлекеттік тілі - қазақ тілі деп жарияланды. Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде. Ол дегеніміз біздің алдымызға қойған айқын жоспарларымыздың орындалуына жол ашып, алға ұмтылуымызға серпіліс береді. Бізге тек осы ұстанымды жүзеге асыруға бар күш-жігерді аямай, еңбек ету ғана қалды. Біздің міндетіміз - қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Осы тұста Елбасының «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін», - деген ұлағатты сөзін ескермей кету мүмкін емес. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс - шаралар ұйымдастырылуда. Нәтижелері де аз емес. Қазіргі таңда ұлттың, дініне қарамастан барлық адамдар мемлекеттік тілдің қызмет тілі екенін түсініп, аса үлкен жауапкершілікпен ұғынады, қазақ тілінің болашағына сеніммен қарайды. Қазақ тілін тиісті деңгейде меңгермейінше, еш жерде қызмет істей алмайтындарына көздері жетеді. Ал іс қағаздарын жүргізуді мемлекеттік тілге көшіруде негізгі салмақты тілдері қазақша шыққан, қазақша оқып білім алған, жүректері қазақ деп соғатын тұлғалар көтеруі керек. Десек те, ана тіліміздің толыққанды мемлекеттік тілге айналуына атсалысуымыз баршаның борышы болуға тиіс. «Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды», - деп М. Әуезов айтқан екен. Тіл - аса қадірлеп ұстайтын рухани байлығымыз. Оны білмеу - өзімізге сын. Сондықтан да рухани байлығымызды жаңғыртып, дәріптеп, қастерлей берейік!

*Т.Т.Туқенова
Приозерск қаласы №2 ЖББМ
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*



ҚР ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРІ БОЛАТ АҚШОЛАҚОВТЫҢ СҰХБАТЫ

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолоқов жанармай нарығындағы ағымдағы жағдай мен жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

ҚР Энергетика министрінің ақпараты бойынша үш мұнай өңдеу зауытында жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін, мұнай өңдеу көлемі 3 млн. тоннаға өсті. Қазір жылына шамамен 17 млн.тонна шикі мұнай өңделеді.

Соңғы 5 жылда Біз бензин шығару көлемін 70%-ға (3 млн. тоннадан 5 млн. тоннаға дейін), дизельдік отынды - 30%-ға өсірдік (4 млн-нан 5,2 млн. тоннаға дейін), - деп хабарлады Болат Ақшолоқов.

Министр энергетика РК Болат Ақчулаков доложил о текущей ситуации на внутреннем рынке ГСМ.

По информации Министра энергетика РК после модернизации трех нефтеперерабатывающих заводов их производственная мощность увеличилась на 3 млн тонн и достигла почти 17 млн тонн/год.

За последние 5 лет мы увеличили производство бензина почти на 70% (с 3 млн до 5 млн тонн), а дизельного топлива - на 30% (с 4 млн до 5,2 млн тонн), - сообщил Болат Ақчулаков.

Энергетикаминистрі атап өткендей, өткен жылы дизель отынын шығару бойынша рекордты көрсеткіш - 5,2 млн. тоннаға жетсек те, қазіргі жағдайда еліміздің бірқатар өңірлерінде дизель тапшылығы бар. 350 мың тонна көлеміндегі дефицитті (қысқы ДТ қоспағанда) қымбат бағадағы импорттық отынмен жабуға мәжбүр болдық.

Осы орайда, экономикаға маңызды өнеркәсіп секторы болып саналатын тау-кен металлургия кешені және темір жол салаларының тұтыну көлемі сол қалпында қалды, яғни өскен жоқ.

Как отметил Министр энергетика, в прошлом году несмотря на рекордный объем выработки дизтоплива - 5,2 млн тонн, мы ощутили нехватку в некоторых регионах страны. Возникший дефицит в объеме порядка 350 тыс. тонн (без учета зимнего ДТ) пришлось покрывать за счет дорогого импортного топлива.

Между тем потребление основными отраслями экономики, такими как ГМК и железная дорога, оставалось на прежнем уровне.

Нарықтағы дизельге сұраныстың тұрақты өсу себебінің негізгі факторы транзиттік көлік ағыны, бұдан басқа Қазақстаннан шетелге сұр схема бойынша алып кетіп жатқан экспорт.

Өткен жылы мамандардың есептеуінше шетелдік транзиттік көлік тұтынған дизель көлемі шамамен 150 мың тоннаны құрады, бұдан басқа сұр экспортпен кеткен отынның көлемі шамамен 200 мың тонна («IHS Markit» есебі бойынша).

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолоқовтың айтуынша Қазақстанда дизель отыны тапшылығының басты себебі бағадағы диспропорция. Отандық отын бағасы көрші елдермен салыстырғанда айтарлықтай арзан. Қазақстан - әлемдегі жанармайы арзан он елдің қатарында. Мысал үшін, Ресейде дизель бағасы орташа есеппен литріне 345 теңге, біздегі нарық бағасынан 45%-ға қымбат. Қырғызстандағы баға 64%-ға жоғары, яғни литріне 390 теңге, Өзбекстандағы баға бізбен салыстырғанда екі есеге қымбат - литріне 480 теңге, бағамыздағы айырмашылық - 101 пайыз.

Основными факторами постоянно растущих объемов потребления являются: транзитный автотранспорт, а также «серый» экспорт в соседние страны.

Так, по самым скромным подсчетам, в прошлом году на долю транзитного транспорта пришлось около 150 тыс. тонн дизтоплива. Еще порядка 200 тыс. тонн горючего было вывезено «серым» экспортом (по расчетам «IHS Markit»).

По словам Министра энергетика РК Болата Ақчулакова причина тому - значительная разница в цене. Казахстан входит в список стран с самыми низкими ценами на ГСМ. Например, в России стоимость дизтоплива в среднем составляет 345 тенге за литр, что дороже на 45%. А в Кыргызстане цена выше на 64% и составляет 390 т/л, в Узбекистане оно дороже в два раза - 480 т/л (101%).

Қазақстандық дизель отынын түрлі жолдарды пайдаланып, шетелге сатудан түсетін пайда 50 %-дан 120 %-ға дейін жетеді, жалпы пайда жылына шамамен 140 млн. АҚШ доллары.

Болат Ақшолоқов атап өткендей, көрші елдердегі жағдай Қазақстанның ішкі нарығына да әсер етіп отырады. Мысалы, өткен жылдың наурызында Ресейдегі бөлшек саудадағы дизель отынын бағасы Қазақстандағы бағамен теңесіп, арзандаған болатын.

Нәтижесінде біз Ресеймен шекаралас жанармай станцияларында отынды сату көлемі азайғанын байқадық, демек Қазақстаннан жанармай шығару экономикалық тиімсіз болды.

Маржа от перепродажи казахстанского ДТ за границу составляет от 50% до 120% и более, суммарно доходит до \$140 млн в год.

Как отметил Болат Ақчулаков, ситуация в сопредельных странах оказывает значительное влияние на внутренний рынок Казахстана. К примеру, в марте прошлого года розничные цены на дизельное топливо РФ снизились до уровня цен РК.

В результате на приграничных с Россией АЗС существенно снизились продажи топлива, поскольку пропала заинтересованность в вывозе ГСМ из Казахстана.

ҚР Энергетика министрінің айтуынша көрші елдердегі баға күрт көтерілген кезде, біз дизель өндіру көлемін арттырсақ та, күз айларында оның тапшылығын қайта көрдік.

Осы жылы да бағадағы айырмашылық сақталып отыр. Нәтижесінде өткен жылғы наурыз айымен салыстырғанда тұтыну көлемі 15%-ға артқанын көріп отырмыз.

Бұл жағдай сақтала берсе, онсыз да шетел асып отырған қазақстандық дизельдің көлемі арта түсіп, биылдың өзінде 850 мың тонна дефицитке тап болуымыз мүмкін.

Алдыңғы жылдары тапшылықты өндіру көлемін арттыру арқылы жауып отырсақ, қазір отандық мұнай зауыттары максималді режимде жұмыс жасап тұр. Алдағы 6 жылда дизель көлемін бірнеше есе арттыратын мүмкіндік жоқ (Шымкент зауытын кеңейткенше).

Аталған себептерге байланысты Қазақстан арзан отынмен басқа елдердің экономикасын субсидияландырып, өз ұлттық мүддесіне зияны тиіп жатыр деп айтуға толық негіз бар, - деп атап өтті Энергетика министрі Болат Ақшолоқов.

По словам главы Министерства энергетика РК пошел резкий рост розничных цен в соседних странах и, как следствие, уже осенью, несмотря на увеличение производства ДТ, мы снова столкнулись с острой нехваткой топлива.

В этом году диспаритет цен сохраняется. Как итог, в марте т.г. мы видим рост

потребления по сравнению с аналогичным периодом прошлого года на 15%.

В такой ситуации казахстанский дизель будет однозначно «утекать» в другие страны в еще больших объемах. Уже в этом году мы можем столкнуться с дефицитом в объеме до 850 тыс. тонн.

Если раньше дефицит частично покрывался за счет наращивания объемов производства, то сейчас наши НПЗ работают на пределе своих возможностей. В ближайшие 6 лет существенно увеличить производство ДТ физически невозможно (до расширения Шымкентского НПЗ).

Таким образом, Казахстан своим дешевым топливом фактически субсидирует экономики других стран в ущерб собственным национальным интересам, - подчеркнул Министр энергетика Болат Ақчулаков.

ҚР Энергетика министрі отын тапшылығын төмендету үшін Қазақстандағы ЖЖМ бағасын реттеу шараларын атап өтті: жанармайды темір жол және көлікпен шығаруға тиым салынды; ресурс иелеріне жанармайды тікелей жанармай станцияларына сатуға міндеттейтін заңнамалық нормалар қабылданды; мұнайды жеткізу және мұнай өнімдерін сату кезіндегі өнімсіз делдалдар алынып тасталды.

Бұдан басқа, өткен жылдың тамыз айында біз тапшылықты азайту үшін сараланған баға (450 тг.) және лимиттер (300 литрге дейін) енгіздік. Бірақ барлық шектеулерге қарамастан, «көлеңкелі экспорт» арқылы отынды шығару мүмкіндіктері табылды. Осыған байланысты, тапшылықты болдырмау үшін Біз шұғыл түрде қымбат импорттық отынды сатып алуға мәжбүр болып отырдық, - деп атап өтті Энергетика министрі.

Министр энергетика РК озвучил меры регулирования цен на ГСМ в Казахстане для снижения дефицита топлива, а именно:

- введен запрет на вывоз ГСМ железнодорожным и автомобильным транспортом; приняты законодательные нормы, обязывающие ресурсодержателей продавать ГСМ напрямую заправокным станциям; устранены непродуктивные посредники при поставках нефти и реализации нефтепродуктов.

Кроме этого, для снижения дефицита в августе прошлого года нами был введен механизм дифференцированных цен (для иностранцев - 450 тенге/литр) и лимит заправки (не более 300 литров в день). Однако «теневой экспорт» всегда находит возможности для обхода ограничительных мер.

И каждый раз мы вынуждены в срочном порядке закупать дорогое импортное топливо, чтобы не допустить нехватки, - отметил Министр энергетика РК Б. Ақчулаков.

Энергетика министрінің басшысы Б. Ақшолоқов мыналарды қысқаша қорытындылады:

Ағымдағы төмен бағаларды сақтап отырсақ, біз қанша жанармай өндірсек те, барлық сұранысты қамтамасыз ете алмаймыз, бұл бір.

Екінші - бағалар арасындағы айтарлықтай айырмашылыққа байланысты көрші елдерге «ағын» жалғаса береді, оның көлемі арта түседі. Ешқандай шектеулер күтілген нәтиже бермейтіні анық.

Үшінші, жанармай бағасындағы диспропорция «көлеңкелі» нарықты дамытып, ұлттық экономикаға/мүддеге кері әсерін тигізеді.

Төртінші, жанармайға төмен бағаның сақталуы мұнай-газ саласына инвестиция тарту, оны дамытуға, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, ресурстық базаны толықтыруға мүмкіндік бермей отыр.

Глава Минэнерго Б. Ақчулаков коротко резюмировал следующее: Первое, с текущими ценами сколько бы мы не увеличивали производство ГСМ, его всегда будет не хватать.

Второе, с такой разницей в ценах, «переток» в соседние страны как был, так и будет продолжаться. При этом объемы «перетока» будут только увеличиваться. Никакие ограничительные меры не дадут должного эффекта.

Третье, сохранение диспаритета цен на ГСМ создает стимулы для работы «теневоего» рынка и наносит ущерб национальным интересам Казахстана.

Четвертое, низкие цены на ГСМ не дают возможности привлекать инвестиции и развивать нефтегазовую отрасль, проводить геологоразведку и пополнять ресурсную базу.

Ішкі нарықтағы жанармай жағдайын тұрақтандыру үшін Қазақстанның көрші елдермен салыстырғандағы бағадағы айырмашылықты төмендету қажет. Бұл қиын, бірақ қажет шешімге бару керекпіз, оны мойындау керек - бөлшек саудадағы жанармай бағасын көтеру қажет, оның ішінде:

АИ-92 и АИ-93 маркалы бензинге бағаны литріне 182-187 теңгеден 205 теңге қылу (өңірге байланысты), өсім - 11%;

дизель отынын бағасын литріне - 295 теңгеге, орташа есеппен өсім - 20%. Қазір өңірге байланысты баға 230 теңгеден 260 теңгеге дейін болып тұр.

Осындай бұйрықтың жобасы бүгін жарияланатын болады, - деп хабарлады Энергетика министрі Болат Ақшолоқов.

В целях стабилизации внутреннего рынка ГСМ необходимо снизить ценовую разницу между Казахстаном и соседними странами. Поэтому мы должны пойти на сложный, но в то же время нужный шаг - повысить предельные розничные цены, в частности:

на бензин марки АИ-92 и АИ-93 со 182-187 (в зависимости от региона) до 205 тг за литр (рост 11%); а цена на дизель составит 295 тг. за литр. Сейчас в зависимости от региона цена варьируется от 230-260 тг. (в среднем рост 20%).

Соответствующий проект приказа будет опубликован сегодня, - сообщил Министр энергетика Болат Ақчулаков.

«Бағадағы айырмашылық мәселесін қазір қолға алмасақ, алдағы уақытта біз үлкен тапшылықтың күегері боламыз. Бұдан басқа, экономикалық маңызды саланы дамыту мүмкіндігінен айрылып, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне де әсер етеді», - деп қорытындылады Энергетика министрі Болат Ақшолоқов.

«Если сейчас не сократить разницу в ценах, то уже в ближайшее время мы столкнемся с тотальным дефицитом топлива. Более того, это закроет пути для дальнейшего развития отрасли и угрожает энергетической безопасности страны», - резюмировал Министр энергетика Болат Ақчулаков.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС - БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Жасыратыны жоқ сыбайлас жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды, себебі бұндай әрекеттің мемлекеттік қызметкерлер тарапынан көрініс табуы мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, қоғамда өкіметке, билікке деген сенімсіздік тудырады. Өкінішке орай, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдет әлі де болса қалмай келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кеңінен қолданылады және терең тарихи тамыры бар. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі - лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шеңуліктердің өз қызметтерінде сараңдық мен сатқындық танытуы.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайын-

да, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуға тиіс.

Елбасының мемлекетіміздің тағдыры үшін маңызды құжатында айтылған мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылатын талап «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса екен», - деген жұртшылықтың пікірімен үндескендей.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Әрине, ең алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындағы тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ләзім. Тәрбие от басынан басталады, ата-анасының шарауаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала, бұл жағдайды орынды, яғни солай болуы керек екен деп түсінеді. Есейгенде ол баладан қандай мемлекеттік қызметкер шығады? Қалтасының қамын ойлайтын шенеунік бола ма, әлде тәуелсіз еліміздің нығаюына, қазіргі жаһандану заманында патриоттық сезімді барынша бойына терең сіндірген, ел дамуының ұйытқысы болатын нағыз азамат шыға ма? Соңғысы болса ләзім. Сондықтан, әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал.

Қазақстан - көп ұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет. Алдымызда әлі талай үлкен міндеттер тұр, талай сын кезеңдерден өтуге тура келеді және сапалы нәтижеге қол жеткізуіміз қажет.

М. Тыныбаева

Салық төлеушілермен жұмыс бөлімінің басшысы

УВАЖАЕМЫЕ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКИ!

Управление государственных доходов по г.Приозерску разъясняет применение кассового аппарата и штрафа за его отсутствие и неприменение.

В соответствии с пунктом 1 статьи 166 Налогового кодекса Республики Казахстан любые денежные расчеты, осуществляемые на территории Республики, производятся с обязательным применением контрольно-кассовых машин с функцией фиксации и (или) передачи данных, модели которых включены в государственный реестр. Под денежными расчетами в соответствии с подпунктом 1) статьи 165 Налогового кодекса понимаются расчеты, осуществляемые за приобретение товара, выполнение работ, оказание услуг посредством наличных денег и (или) расчетов с использованием платежных карточек и (или) мобильных платежей.

На какие денежные расчеты не распространяется требование о применении кассового аппарата?

Указанные в пункте 1 статьи 166 Налогового кодекса требования по обязательному применению контрольно-кассовых машин не распространяется на денежные расчеты:

- 1) физических лиц;
- 2) частных судебных исполнителей, адвокатов и медиаторов;
- 3) в части оказания услуг населению по перевозкам в общественном городском транспорте с выдачей билетов по форме, утвержденной уполномоченным государственным органом, осуществляющим реализацию государственной политики в области транспорта, по согласованию уполномоченным органом;
- 4) Национального Банка Республики Казахстан;
- 5) налогоплательщиков, деятельность которых находится в местах отсутствия сети телекоммуникаций общего пользования;
- 6) банков второго уровня.

Обязательно ли применение онлайн-ККМ?

С 1 января 2020 года все категории налогоплательщиков, обязанные применять контрольно-кассовые машины, обязаны иметь такие машины, оснащенные функцией передачи данных (онлайн-ККМ).

Ответственность за нарушение порядка пользования кассовым аппаратом. Нарушение установленного порядка использования контрольно-кассовых машин влечет в соответствии со статьей 284 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях «Нарушение порядка применения контрольно-кассовых машин»:

1. Неприменение контрольно-кассовой машины при осуществлении на территории Республики Казахстан денежных расчетов, производимых при торговых операциях, выполнении работ, оказании услуг посредством наличных денег, а также применение контрольно-кассовой машины, являющейся неисправной или не состоящей на учете в органе государственных доходов по месту использования, - влекут предупреждение.

2. Действия (бездействие), предусмотренные частью первой настоящей статьи, совершенные повторно в течение года после наложения административного взыскания, - влекут штраф на частных нотариусов, частных судебных исполнителей, субъектов малого предпринимательства в размере пятнадцати, на субъектов среднего предпринимательства - в размере тридцати, на субъектов крупного предпринимательства - в размере пятидесяти месячных расчетных показателей.

С 20 октября 2021 года возобновлена акция «Гражданский контроль – требуй чек» по выявлению фактов невыдачи фискальных чеков кассово-контрольных машин либо отказа в приеме оплаты по платежным картам. Данная акция является инструментом общественного контроля в период действия моратория.

Потребитель может сообщить о фактах нарушения невыдачи фискального чека или отказа в приеме оплаты по платежным картам, воспользовавшись бесплатным мобильным приложением «Wipon Cashback».

Управление государственных доходов по г.Приозерску

ҚАЗАҚСТАНДА ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУДЫҢ БАРЛЫҚ ПРОЦЕСІН АВТОМАТТАНДЫРУ КӨЗДЕЛГЕН - ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ

Ведомство өкілдерінің пайымдауына, бұл қызметтерді көрсету мерзімдерін және құжаттар пакетін оңтайландыруға, тиісінше, педагогтерге, басшылыққа және білім беру ұйымдарына түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде Бағдат Мусиннің төрағалығымен ведомствоаралық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырыста Маңғыстау және Түркістан облыстары әкімдіктерінің өткен кездесулерде көтерген мәселелері қаралды. Кейбір мәселелердің шешілу жолдары бүкіл елге жаппай таралды. Осылайша, Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, мерзімді әскери

қызметке шақырудан кейінге қалдыру құқығы бар азаматтарды автоматты түрде хабарландыру тетігі іске қосылды. Оларға SMS-хабарламалар тәжірибелік форматта жіберіледі және бұл ретте, уәкілетті органдарға барып ақпарат жинаудың қажеттілігі жоқ. Осылайша, тиісті тізілім жасалып, осы санаттағы 300 мыңға жуық әскерге шақырылған азаматқа хабарламалар жіберілді. Болашақта бұл үдеріс әскерге шақыру комиссияларын автоматтандыруға дейін жетілдірілетін болады.

Сонымен қатар, қазақстандықтар қорғаншылық және қамқоршылық туралы анықтаманы eGov платформасы мен eGovMobile қосымшасы арқылы 30 минут ішінде ала алатын болды. Болашақта мұндай анықта-

ма сол қосымшадағы цифрлық құжаттар тізіміне қосылуы мүмкін.

Отырыс барысында жаңа үдерістер де талқыланды. Мысалы, педагогтерді аттестаттау үдерісін электронды форматқа көшіру. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу бизнес-үдерісін реинжинирингілеу және оңтайландыру шеңберінде комиссиялардың жұмысы мен тестілеуді қоса алғанда, педагогтарды аттестаттаудың барлық үдерісін автоматтандыру жоспарлануда.

Бұл қызметтерді көрсету мерзімдерін және құжаттар пакетін оңтайландыруға, тиісінше, педагогтерге, басшылыққа және білім беру ұйымдарына түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Оқу-ағарту министрлі-

гі Цифрлық даму министрлігінің қатысуымен жақын арада техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың электронды көшірмелерін беруді тез арада бастауды жоспарлап отыр. Осыған ұқсас мәселе Ғылым және жоғары білім министрлігімен де пысықталуда.

Сонымен қатар мектептерде оқушыларды жеңілдікпен тамақтандыру кезінде анықтама беруді болдырмау үшін көпбалалы отбасылар туралы мәліметтер бойынша ведомстволық ақпараттық жүйелерді біріктіру жұмыстары аяқталды.



ТАРИХТА АТЫ ҚАЛҒАН АҢЫЗ АДАМ!

Құртқа тәуіптің кім болғаны және тарихта белгілі істері туралы алдымен бабамыздың халық емшісі, қажы болғанына қосымша қазақ тарихында ең ұзақ өмір сүрген кісі екенін атап кету қажет.

Өз заманында қазақтан аты асып күллі түркі жұртына белгілі болған Құртқа тәуіп бабамыз 1770- жылы дүниеге келіп, 1906-жылы дүние салған. 136 жыл ғұмыр кешкен әулие атамыз Жетісудың Ұзынағаш қонысын мекен еткен. Тәуіптің зираты да Ұзынағаш темір жол стансасынан (Қазір Қазыбек бек темір жол бекеті) 25 шақырымдай жерде. Осы мақаламызда Құртқа тәуіп туралы белгілі ақпараттың бірнеше қырын ашуды жөн көрдік.

Құртқа тәуіп елге халық емшісі, тәуіп ретінде белгілі болған. Бабамызға тәуіптік қасиет өзінің әкесі Сұлтанқожадан дарыған екен. Сұлтанқожа емші ретінде елге танымал болған, ол жас Құртқаны өзіне көмекші ретінде алып жүріп емшіліктің көптеген құпияларына баулып, дәрілік шөптердің қасиеттеріне үйреткен. Жас Құртқаны Орта Азия, араб, парсы елдерінің білім беру ордаларына жіберген. Құртқа Сұлтанқожаұлы сол орталықтарда көптеген жылдар бойы емшіліктің ғылыми негіздерін зерттеп үйренген. Әбу Ибн Сина мен Өтейбойдақ Тілеуқабұлұлы секілді ірі тұлғалардың ізбасары Құртқа тәуіп халықты шөппен немесе халық әдісімен емдеп қана қоймай, оташы да болған. Оның себебі Құртқа тәуіп Шығыс медицинасының негіздерімен қатар Петербург медицина институтында білім алған. XIX ғасырдың басында Құртқа тәуіптің аты бүкіл өлкеге әйгілі болып, оған емделуге жан-жақтан адамдар келеді. Сондай кісілердің ішінде сол кездегі қазақ жерін игеруге келген адамдар да болып, олар Құртқа тәуіптің емшілік өнерін көреді. Солардың арасында бірнеше татар азаматтар болады, сол азаматтармен тілдесу арқылы Құртқа тәуіп орыс тілін де меңгеріп алады. Сол кісілердің ықпалымен Құртқа тәуіп Петербург Медицина-хирургия академиясында бірнеше айлық курстан өтіп, жаңа медициналық әдістерді, соның ішінде оташылықты үйренеді. Құртқа тәуіп бүкіл өмірі бойында сол ілімдерін халықтың денсаулығын жақсартуға, ауруларды емдеуге бағыттайды. Оның емшілігі жайлы ел аузында жүрген көптеген аңыз-әңгімелердің кейбірін атап кетейік.

Жетісуды билеген Тезек төренің баласы ауырып, Құртқаға қос атпен кісі шаптырыпты. Құртқа тәуіптің төре аулына бара жатқанын естіп, жақындары келіп:

– Абыз ата, Тезек төренің елге тізесі қатты батып жүр. Алым-салықты үйіп-төгіп, ес жидырмай, ата қонысымызды тартып алды, елді еңіретті. Енді соның есесін қайыратын кез келді. Анау дімкес ауру баласына у бер де қатыра сал. Әр сауалға – бір зауал, - деп жер тепкілеп, тілек тілепті. Құртқа тәуіп үндемей, Алтынемелде отырған төре ордасына аттанады. Ұнтақтап саумалға қосып ішкізген дәрісі шипа болып, бір айға жетпей беті бері қарап, адам болмайды деген бала түрегеп, дін аман жүгіріп кетеді. Ауылына келгенде, әлгі туыстары қайта келіп:

– Абыз ата, төренің баласы тұрып кетіпті, сіз емдеп, құлантаза жазып жіберіңіз, - деп тепсінеді.

– Сіздер қызық екенсіздер. Дәрінің бәрі – у болады. Мен берген дәрі – оған шипа болды. Ал естеріңізде болсын, мүсәпірді мүсіркеу керек, емдеу – парыз. Қолдан келсе, шипа болар жағдай жасауымыз керек. «Ең басты байлық – денсаулық» демекші, тәні жарым-жан пенде – ең бейшара, ең мүсәпір. Ауырған жанды аялауымыз қажет. Қаскүнем қарақтан өледі, қомағай тамақтан өледі, батыр садақтан өледі,

бай қадақтан өледі. Абайлап сөйлеп, ойлап іс істеу лазым. Өзін күткен өрге шығады, өзгеге өлім тілеген елді бұзады. «Ашыққанға қазан астырма, тоңғанға от жақтырма» деген бұрынғы ата-бабаларымыз. Біреуге өлім тілемей, өзімізге өмір тілейік. Жараның азабын жаралы біледі, қазаның азабын қаралы біледі. Ері саудың – елі сау, аурулы елде – күнде дау. Ел-жұрттың аурудан, даудан аман қылсын», – деген екен. Құртқа тәуіптің бұл сөзі – өсиетнама болып қалың елге тарапты.

–Тәуіптің соңы Құртқа абыз болар. Көзі қарақты, сөзі салмақты, еліне ардақты мұндай шипагер-тәуіп бағымызға туған екен. Қадірін біліп, қасиетін асырайық. Надан кісі сусыз арыққа ұқсайды. Өлісиз денеге – ауру ұялайды. Басы ауырған бақсы-балгерге тоймайды. Ал Құртқа тәуіптей сегіз қырлы, бір сырлы шипагердің болғанына, тәубе! – депті Тезек төре тәуіптің емшілігіне аса разы болып. Содан ел аузында «Тәуіптің соңы Құртқа болды» деген қанатты сөз қалыпты.

Бір аста Жамбыл мінген аты сылты басып келгенін көріп, Құртқа тәуіп:

– Анау ақынның атының бір аяғының жілігі жарылған екен. Енді мінсе, күп боп ісіп, түкке жарамай қалады, - деген соң, тәуіпке емдетіп, қаратқаннан кейін бір айдай бос жіберіп мінгенде құр аттай шауып кетіпті. Тағы бірде бір байдың жылқылары ауырмай-сырқамай топ-топ етіп жығылып, қырыла бастайды. Бай Құртқа тәуіпті алдыртыпты. «Бар кесел мына қара айғырда екен», - деп, әлгі айғырды жыққызып, қара санын ұстарамен тіліп жіберіп, ырсиған етінің ішінен бірдемені салып қайта тігіп тастайды.

–Бұның не? – дегендерге:

–Бұл – «уа» деген дәрілік шөптің ұнтағы. Ол мына айғырдың кеселін кеседі, құртты құртады. Енді қорықпа, - депті. Шынында да қалған малы дін аман болыпты. Құртқа бабамыз Абылайхан, Уәлихан, Кенесары кезеңінде өмір сүріп, солармен бірге тәуелсіздік күресіне атсалысқан. Қазақ сарбаздарының қалмақтарға қарсы жорықтары мен шайқастарына қатысып, солардың жарақаттарын емдеп, сынған сүйектерін құрастырып, оқтарын иіп алып, кейде шорт кесіп – ампутация және де басқа операциялар жасаған. «Ер қанаты – ат» демекші, сарбаздардың аттарын да емдеген. Шын мәнінде, Құртқа Сұлтанқожаұлы әскери-дала медицинасын, оның ішінде хирургиясының Н.И.Пироговтан әлдеқайда ерте негізін салған. Өкінішке қарай ол әлемге тіпті белгісіз, жазба куәліктері жоқ, ол – ол ма, Құртқа туралы жалпы қазақтардың көпшілігі білмейді. Соқыр ішектің қабынуын, домалатпаны (апендицитті) хирургиялық жолмен емдеген. Пышақсыз да оталар жасаған: қираған сүйектерді, теріні ашпай сыртынан құрастырып, қимылдайтындей етіп таңған, іштегі соққыдан зақымдалған жұмсақ органдарды да сыртынан сылап-сипап емдеген. Тамыр ұстап адамның кеселін анықтаған және емдеу барысын да бақылап отырған.

Бабамыз дененің кез келген жерін, сыртынан еттерін жұмсартып, қан тамырларын қысып, қансырауды тоқтатуды және жүйке жүйелері арқылы жансыздатууды жетік игерген. Онымен қатар гипнозды да жоғары деңгейде пайдалана білген. Басынан қатты соққы алып, миы шайқалғандарды қараңғылау бөлек үйге жатқызып, тыныштықпен қамтамасыз етіп, жандарына күтуші қойған. Ауыр жаралылармен сырқаттардың дәреттерін қадағалаттырып, денелерін аударыстырып, майлатып, ауыздарына су, сұйық тамақ тамыздырып отырған. Әйелдердің бедеулігін де емдеген. Олардың іштерін өзіне белгілі майлармен сылатып, ішкі жыныс мүшелерінің қан айна-

лымын қалпына келтіріп, жабыққан жерлерін ыдыраттырып, сырқаттарын жазған. Оның үстіне ол кісінің жана-шырлық шын ықыласы, ел арасында аңызға айналған әулиелігі де әсер етсе керек. Құртқа тәуіптің халықты емдеудегі әдіс-амалдары мен дәрілік заттарының саны өте көп және әртүрлі болған. Халықтың айтуынша, бабамыз жаза алмайтын кесел болмаған.

Сонымен қатар өте ауыр және қауіпті қылтамақ басқа да, рак, оба (чума), сияқты сырқаттарды да емдеген. Жұқпалы аурулардан сақтану үшін алдын ала әртүрлі қауіпсіздік шараларын кең пайдаланған, залалсыздандыруды игерген. Мысалы, жаңа қонысқа көшіп келгенде, алдымен жерді залалсыздандырып, сонан кейін ғана үйлерді тіккен. Күмәнді ауруларды бөлек жатқызып, өзге де шаралар қолданған. Обадан, не басқа жұқпалы аурулардан өлген малдың денелерін тереңірек қылып көмдіріп, залалсыздандырып.

Жүзден жасы аса бастағанда, бабамызға маржандай тізіліп жұмсақ тіс шығыпты. Құртқа тәуіпті жаугершілікке арбаға мінгізіп, сарбаздармен бірге алып жүреді екен. Ол шайқастарда жаралы болған сарбаздарды емдеп, қажет болса тікелей ота жасап жүрген. Белгілі профессор-хирург, Қазақстан Республикасы жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері, Құртқа тәуіп ұрпағы Тұрар Көкеев «Құртқа тәуіп – Ұлы дала перзенті» атты ғылыми кітап жазып, жарыққа шығарды. Ғалым дәрігер Тұрар Көкеев мұнда Құртқа тәуіп жайлы ұзақ жылдар бойы ізденісі мен зерттеуінің нәтижесінде, өз таным, ой қорытындысын жаңа дерек-дәйектермен әдемі келтіреді. Оның айтуынша, өмір бақи малмен шұғылданатын қазақ халқы малды сойып жайғастыруда шеберліктің шыңына жеткені күмәнсіз, малдың етін жіліктеу, шел-бездерін алып тастау, күрделі қан-тамырларының орналасуын, буындардың, нерв жүйелерінің анатомиясын жете білуде қазақтан асқан маман жоқ. Осы қасиеттердің барлығының соғыста жарақаттанған адамдарды емдеу процесінде зор көмегі болса керек. Ластанған жарақаттарды қайнаған сумен (шүмекті ыдысқа құйып, тазалап жуып, қанын тоқтатып, қан тоқтатудың Құртқа бабамыз неше түрлі әдістерін білген), таза жеңіл мағадан байлама салған. Жарақаттанған аяқ-қолды тапжылмайтын, қимылсыз жағдайда бекітіп ұстайтын халге келтіру керек болған. Сынған сүйектің ығысып кеткен сынықтарын орнына салу үшін, сол жердің жанын кетіру мақсатымен жайлап «сылап» отырып сынған жердің бұлшық еттерін әбден босаңсытып барып сынықтарды (майда сынықшасына дейін) сау қалпындағы жағдайға келтірген. Сүйекте қадалып тұрып қалған садақ оғын алу үшін, сол жерге келетін жүйке-нервті жансыздандыру үшін, өмірден алынған бір феномен пайдаланылған: адам қатаңдау жерде ұзақ отырғанда, жамбас нерві қысылғаннан аяқ жансызданып қалатыны мәлім. Бұл аяққа ине шаншылса да, тіліп, кессе де адам сезбейді. Адамның анатомиясын жақсы біле отырып, оқтың қадалған жеріне келетін нервтің жолында, оның сүйекке жақын жатқан жеріне ұзақ қысым көрсетіп, сол жердің жанын кетіріп, оқты алғанда адам сезбей қалатын болған. Етті тіліп кескенде күрделі қан тамырлары, нерв жүйелері жоқтау жерлерін таңдаған.

Медициналық оқу орнын бітіргеннен кейін, Құртқа тәуіп халыққа көмек көрсететін медициналық жасақ дайындайды. Ол соғыс кезінде қолына ақ жалау ұстап жүрген екен. Ақ жалау ұстап алғандарға екі жақ та оқ атпайды деп келісіп алған. Сөйтіп жүріп өз жағының да, жау жағының да сарбаздарына көмек көрсеткен. Атамыз 300-ге жуық шөптен дәрі жасай білген. Айта

берсек, ол кісінің халыққа жасаған емінде есеп жоқ деуге болады. Ол тек емші ғана болған жоқ, сондай-ақ абыз, ел арасына сөзі өтетін би дәрежесіне де көтерілді. Құртқа тәуіптің шарапаты көрші қырғыз еліне де көп тиді. Әрине, біз әлі атамыздың табиғи жолмен емдеу тәсілдерін толық аша алған жоқпыз. Оны зерттеп, зерделеу дәрігерлердің басты мақсатына айналуы керек. Құртқа тәуіп шөппен емдеген, түрлі шөптерді жинап дәрі жасаған. Жібек жолымен ары-бері өтетін керуендерге аманаттап мына шеті Қытай, мына шеті Хиуа, Бұхар, Самарқан, Ресей өңірінен үнемі түйіншек-түйіншек дәрі-дәрмек алдырып отырған. Гиппократ дәрінің 200 түрін, үнді тәбибтері 800 түрін пайдаланған болса, Ибн Сина дәуірінде 2600 түрлі дәрі қолданылып, оның жартысынан көбі өсімдіктерден алынған. Құртқа тәуіп осы дәрілерді және оны жасау жолдарын меңгерген, оны сақтау мен пайдалануды үнемі үйретіп отырған. Түрлі ауру-кеселдерді емдейтін шипалық дәрілерді де өзі жасаған. Сонымен қатар тәуіп түрлі жан-жануардың да адамға шипалық емін білген, адамдарға пайдаланған (мысалы, жыланның ағзасы, жабайы аңдардың түрлі ағзалары – өт, ішек-қарын, өкпе-бауыр дегендей, оларды қайнатып сорпасын ішкізген т.с.с.).

Құртқа тәуіптің тағы бір ерекшелігі – ұзақ өмір сүргені. Үш ғасырды көрген абыз ата 136 жас жасаған. Құртқа тәуіптің осындай ұзақ өмір сүргенінің себептерін де зерттейік. Ол кісінің ұзақ өмір сүруі ең алдымен белсенді қимыл жасауы және емшіліктің өзі білген құпияларын өз ағзасына пайдалана білгені деп айтуға болады. Құртқа тәуіп өмірінің соңына дейін емшілік жасап жүрген. Өзін-өзі емдеп, өзіне-өзі тәжірибе жасап, оны жұртқа үлгі етіп айтып отырған. Құртқа тәуіптің жасы 112 келгенде, аяғында гангрена пайда болады, соны өз бетінше емдеп, содан жасанды ағаш аяқ салып, қайта жүріп кеткен. Құртқа тәуіп сынықшы, емші ғана емес, елге қамқор болған қайраткер адам. Жаугершілік заманда шашырап кеткен туыстарын жинастырып, басын қосуға қамқорлық жасаған. Аталас туыстары оны «Ел иесі – Құртқа» деп атаған. Ел иесі атану екінің біріне бұйырмайтын қасиет екені айқын. Құртқа бабамыз көптен ерекше бөлініп көзге түсетін кісі болса керек. Өзі ұзын бойлы, сұңғақ денелі, ат жақты, қаба сақалды, өткір көзқарасты, қыр мұрынды, кең маңдайлы, жылы шырайлы келген. Басындағы сәлдеңін молдалардікіндей жалпайтып емес, қазақтың бөркіне ұқсастырып орап киеті екен. Ол кісінің көрген адам бірден сол кісінің ауанына толық беріліп, гипнозды жағдайға түскендей болып қалады екен. Құртқа тәуіп Сұлтанқожаұлы – еліне қамқор абыз, әулие. Сондықтан да халықтың ыстық ықыласынан болар, біраз жыл бұрын Көксай ауылында Құртқа тәуіп атындағы мешіт салынды. Бейіті басына алғаш белгі қойған ұрпақтары болатын. Кейін бейіт аумағын кеңейтіп қоршапты, темірден күмбез орнаттырды.

Құртқа тәуіпке байланысты аңыз әңгімелердің дені бабамыздың бүкіл саналы ғұмыры ізгілікке негізделгенін баяндайды. 136 жыл өмір сүрген әулие айналасына жақсылықтың нұрын шашқан, небір ауруларды емдеп жазған, шипалы дәрігерлерді пайдаланып, емшіліктің құпия сырларын ашқан. Сондықтан да болар, оған құдайдан бұйырған қасиетті мойындаған ел «Құртқа тәуіп – жұртқа тәуіп» деген сөз қалдырған.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР, МИТИНГІЛЕР, ШЕРУЛЕР, ПИКЕТТЕР ЖӘНЕ ДЕМОНСТРАЦИЯЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРЕДІ

Бұдан бөлек, бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру тәртібі «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (бұдан әрі – Заң) айқындалған.

Заңның 7-бабының мағынасына сай егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты әлеуметтік араздықты қоздыру, конституциялық құрылысты күш қолданып құлату, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзатын болса, не болмаса оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндірсе тыйым салынады.

Заңның 8-бабына сай егер өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттермен демонстрациялар республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы орган өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

Рұқсат берілмеген акцияны ұйымдастыру немесе оған қатысу Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің 488-бабына сай жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Бұдан бөлек, заңсыз жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация немесе өзге де заңсыз жария іс-шара ұйымдастыру, өткізу не оларға қатысу, сол сияқты үй-жай, байланыс құралдарын, жабдықтар, көлік беру арқылы осындай іс-шараларды ұйымдастыруға немесе өткізуге жәрдем көрсету, егер бұл іс-әрекеттер азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 400-бабына сай қылмыстық жауапкершілікке әкеп соқтырады.

Осыған байланысты, қала прокуратурасы заңдылықты бұзушылықтарға жол бермеу және заңда белгіленген жауаптылық туралы түсіндіре отырып, жоғарыда көрсетілген заңнама талаптарын бұзбауға шақырады.

Құқықтық тәртіп органдары кез келген заң бұзушылықтардың жолын кесіп, қылмыстық қудалауға дейін заңмен көзделген шараларды қабылдайтын болады.

Приозерск қаласының прокуратурасы

ПРОКУРАТУРА ГОРОДА ПРИОЗЕРСКА РАЗЪЯСНЯЕТ ПОРЯДОК ОРГАНИЗАЦИИ И ПРОВЕДЕНИЯ МИРНЫХ СОБРАНИЙ, МИТИНГОВ, ШЕСТВИЙ, ПИКЕТОВ И ДЕМОНСТРАЦИЙ

Проведение мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан определен Законом Республики Казахстан «О порядке организации и проведения мирных собраний, митингов, шествий, пикетов и демонстраций в Республике Казахстан» (далее - Закон).

Из смысла статьи 7 Закона следует, что запрещены собрания, митинги, шествия, пикетирования или демонстрации, если целью их проведения является разжигание социальной нетерпимости, насильственное ниспровержение конституционного строя, а также нарушение других положений Конституции, законов и иных нормативных актов Республики Казахстан, либо их проведение угрожает общественному порядку и безопасности граждан.

В соответствии со статьей 8 Закона собрания, митинги, шествия, пикеты и демонстрации должны быть безусловно прекращены по требованию представителя местного исполнительного органа города республиканского значения, столицы, района (города областного значения), если: не было подано заявление, состоялось решение о запрете, нарушен порядок их проведения, а также при возникновении опасности для жизни и здоровья граждан, нарушении общественного порядка.

Организация несанкционированной акции либо участие в ней влечет административную ответственность по статье 488 Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях.

Кроме того, организация, проведение либо участие в незаконном собрании, митинге, шествии, пикете, демонстрации или ином незаконном публичном мероприятии, а равно оказание содействия организации или проведению таких мероприятий путем предоставления помещения, средств связи, оборудования, транспорта, если эти деяния причинили существенный вред правам и законным интересам граждан или организаций либо охраняемым законом интересам общества или государства, влекут уголовную ответственность по статье 400 Уголовного кодекса Республики Казахстан.

В этой связи, прокуратура города разъясняет о недопустимости нарушения законности и об установленной законом ответственности, призывая Вас не нарушать приведенные выше требования законодательства.

Органы правопорядка будут пресекать любые нарушения и немедленно принимать предусмотренные законом меры, вплоть до уголовного преследования.

Прокуратура города Приозерска

САҚ БОЛЫҢЫЗ, ҚЫЗЫЛША!

Қазіргі уақытта Республикамызда қызылша сырқаты бойынша эпидемиологиялық жағдай күрделеніп отыр. 2023-жылдың 14-наурызынан Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасында қызылша жөніндегі санитариялық-эпидемиологияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу туралы» №1 қаулысы енгізілді.

Қызылша бұл жылдам таралатын өте жұқпалы ауру. Қызылша қоздырғышы парамиксовирустар (вирустар жиынтығы, семейство), ауа тамшылы жолмен жұғады. Бірінші белгілері: дене қызуының 38-39 көтерілуі. Мұрыннан су кету, көз сулануы, жарыққа қарай алмай, конъюнктивит пайда болады. Тамақ ауырады. Одан кейін бөртпелер адамның басынан басып, мойын кейін денесіне тарайды. Ұсақ бөртпелер бір біріне қосылып, кейін барлық денесіне қаптайды. Бөртпе 4-7 күн тұрады. Инкубациялық кезең 7-14 күнге дейін, кейде 21

күнге дейін. Инфекция көзі – тек қызылшамен ауырған адам. Жануарлар ауырмайды, сондықтан жануардан жұғуы мүмкін емес. Асқину қауіп бар, отит (құлақ ауруы), көз ауруы, пневмония және энцефалит. Ойланп қарасақ осы асқинулар өмір бойына адамның мүгедектігіне әкелуі мүмкін.

Қызылшаның арнайы емі болмайды, яғни осы қызылшаның вирусына деген дәрі-дәрмек жоқ. Тек ата-ана өз баласына қамқор болып, 1 жасында және 6 жасында қызылшаға қарсы вакцина алғызуы қажет. Вакцинация ол өмір бойына иммунитет қалыптастырады. Ол қызылшадан қорғандық тиімді жолы.

Құрметті тұрғындар, ата аналар, «денсаулық зор байлық» екенін бәріміз білеміз, денсаулықтың қадірін ауырғанда ғана біліп жатамыз. Сондықтан, уақытында ауруды емдегеннен гөрі, алдын ала білейік!

Приозерск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қалалық мәслихаттың VIII шақырылған депутаттарының II сессиясы 2023 жылдың 21 сәуірінде сағат 16.00-де Отандық Аitube платформасы бойынша онлайн трансляциялау арқылы қалалық мәслихаттың мәжіліс залында өтеді

Сессия күн тәртібінде:

- 2022 жылғы бюджетте қарастырылған салықтар және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі.
- Приозерск қаласында Қазақстан Республикасы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижесі.
- Азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлар бағаларын тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы.
- Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі бөлімінің атқарған жұмысы туралы.
- Әртүрлі мәселелер.

Қалалық мәслихат төрағасы

А.Исатаев

ОБЪЯВЛЕНИЕ

II сессия депутатов городского маслихата VIII созыва состоится 21 апреля 2023 года в 16.00 часов в актовом зале городского маслихата посредством онлайн трансляции на отечественной платформе Аitube.

В повестке дня:

- Отчет об исполнении предусмотренных в бюджете на 2022 год плановых поступлений в налоговую и другие обязательные к уплате в бюджет.
- Результат выполнения плана мероприятий по реализации государственной программы Республики Казахстан по противодействию религиозному экстремизму и терроризму на 2018-2022 годы в городе Приозерск.
- О проводимой работе по стабилизации цен на продовольственные и непродовольственные товары.
- Отчет о проделанной работе отдела жилищно-коммунального хозяйства, автомобильных дорог и пассажирского транспорта города Приозерск.
- Разные вопросы.

Председатель городского маслихата

А.Исатаев

Мұрагерлік іс

24 наурыз 2020 жылы Смайлова Раиса Рыскуловна қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданының нотариусы Кишкентаева Саягуль Бекмоллаевнаға, Ақтоғай ауылы, А.Бөкейхан көшесі, 19 үй мекен жайына хабарласуына болады. тел 8-705-832-83-06

Наследственное дело

После смерти Бурчакова Константина Ивановича, умершего 25 декабря 2022 года, открыто наследственное дело. Наследникам за оформлением своих наследственных прав могут обратиться к нотариусу Ақтоғайского района Кишкентаевой Саягуль Бекмоллаевне, по адресу: село Ақтоғай, ул. Бөкейхана, дом 19. тел 8-705-832-83-06

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №14/40, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.